



№ 2007
3812 к



Сәлім ҚҰРМАНҒОЖИН



ЖАРТЫ ҒАСЫР ДИПЛОМАТИЯДА



9

Сәлім ҚҰРМАНҒОЖИН

**ЖАРТЫ
ҒАСЫР
ДИПЛОМАТИЯДА**

АЛМАТЫ
«МІС»
БАСТАСЫ

2006

ББК 66.4
Қ 77

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Қ 77 Құрманғожин С.

Жарты ғасыр дипломатияда.

– Алматы, «Өлке» баспасы, 2006. – 320 бет.

ISBN 9965-742- 54-5

Бұл кітап – белгілі қазақ дипломатының өмірнамалық еңбегі.

Кітап авторы КСРО-ның Біріккен Араб Республикасындағы, Түркиядағы, Эфиопиядағы Елшіліктерінде, КСРО Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратындағы қызмет атқарған кезеңдері туралы баян ете отырып, өзі бастан кешкен, көзбен көрген оқиғаларға өзіндік бағасын береді. Әсіресе Қазақстан Республикасының сыртқы саясат істері жөніндегі мекемесінің орнығу кезеңі мен Қазақстан Республикасының Венгриядағы Елшілігінің ашылуы жөніндегі естеліктері айрықша қызығлықты да мөңді.

Кітап халықаралық қызмет саласында жұмыс істейтін мамандар мен көпшілік оқырмандарға арналған.

ББК 84 Каз 7

Қ 0802000000
00(05) - 06

ISBN 9965-807-01-9

© Құрманғожин С., 2006
© «Өлке» баспасы, 2006

Кіріспе сөз

Сәлім Әлмағанбетұлы Құрманғожин кеңестік жылдары шетелдерде КСРО мүддесін білдіру міндетінің зор жауапкершілігі үлесіне тиген, ал Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің дипломатиялық қызметінде жемісті еңбек еткен ат төбеліндей қазақ дипломаттардың бірінен саналады.

С.Ә. Құрманғожинның дипломатиялық бастапқы қадамы 1956 жылы Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігіне қызметке келген кезден басталды. Республиканың сыртқы саясат істері жөніндегі мекемесінде бірнеше жыл қызмет істегеннен кейін ол КСРО Сыртқы істер министрлігінің Жоғары дипломатиялық мектебінде оқиды да, тамамдаған соң Египеттегі кеңес елшілігіне қызметке жіберіледі.

1970 жылдары С. Ә. Құрманғожин КСРО-ның Стамбұлдағы Бас консулдығында консул болып қызмет істейді. Нақ осы кезеңде, Түркияда алты жылға жуық жұмыс істеп, ол кәсіби дипломат ретінде қалыптасты. Бұдан кейін КСРО-ның Эфиопиядағы Елшілігінде кеңесші болды.

Шетелдегі дипломатиялық қызметтің тәжірибесі ҚСРО Сыртқы істер министрлігі Бас хатшылығының кеңесшісі лауазымындағы оның жаңа қызметінде де айрықша кәдеге асты. Бас хатшылықтың қызметкерлері ол кезде көп жайттан мейлінше жан-жақты хабардар адамдар санатында болатын, өйткені КСРО Сыртқы істер министрлігінің басқа мекемелермен жәнен елшіліктермен байланыс жасау іс-қағаздары солар арқылы өтетін.

Қайта құрудың күшейіп тұрған жылдарында, одан соң іле КСРО күйреген кезде С. Ә. Құрманғожин КСРО Сыртқы істер министрлігінің сарапшы-консультанты болып қызмет істеп жүрді. Сол кезеңде КСРО Сыртқы істер министрлігінің жүйесінде қызметте жүрген Қазақстан дипломаттары Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметіне шақырылды. Олардың қатарында Сәлім Әлмағанбетұлы Құрманғожин де болды.

Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары болып қызмет істеген С. Ә. Құрманғожин Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қаз тұрып орнығуына, дипломатиялық

қызметтің құқықтық негізін түзеуге, сыртқы саясат мекемесінің материалдық-техникалық базасын жасауға аса зор үлесін қосты.

1993 жылғы 11 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен С. Ө. Құрманғожин қазақ елінің Венгрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды, осылайша ол Қазақстанның дипломатиялық миссиясындағы бірінші басшы болды. Венгрияда қызмет істеген кездері С. Ө. Құрманғожин біздің елшілігіміздің қызметін жолға қоя білді, бірқатар сыртқы саясат іс-шараларын өткізуді қамтамасыз етті. Қазақстан-венгр қарым-қатынастарын дамытуға қосқан ерен еңбегі үшін ол Венгрияның ең жоғары ордендерінің бірімен марапатталды. Бұл елдегілер Сәлім Әлмағанбетұлын әлі күнге шейін ұмытпай, құрмет тұтады.

Біраз жыл қызмет істеп, демалысқа шыққаннан кейін Қазақстан Республикасының дипломатиялық академиясына оқытушылық қызметке, одан соң әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жұмысқа ауысқан ол, өзінің кәсіби тәжірибесін болашақ халықаралық істер жөніндегі мамандарды тәрбиелеуге жұмсап келеді. Дипломатиялық қоғамдастық жұртшылығының арасында құрметке ие, кеңестік дипломатиялық мектептен өткен алғашқы қазақ азаматы С. Ө. Құрманғожин әлі күнге дейін Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының өркендеуі жолында талмай еңбек етіп келеді.

Дипломатиялық қызметтегі 45 жыл - тарихи өлшеммен қарағанның өзінде де уақыттың үлкен бір белесі. Осынау өмірлік ұзақ жолда Сәлім Әлмағанбетұлы Құрманғожин кәсіби дипломаттың биік мәртебесіне кіршік жұқтырмай, өзін лайықты ұстай білді. Оның есімі тәуелсіз Қазақстан дипломатиясының тарихына бекем енді.

Қ. ТОҚАЕВ,
*Мемлекеттік хатшы, Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі*

2003 жылғы мамыр
Астана қаласы.

*Әкем Әлмағанбет пен
анам Жанкүмістің
жарқын рухына арнаймын*

Автордан

Жиырмасыншы жүз жылдықтың екінші жартысы өзім бел ортасында болған жарқын оқиғаларға толы болды. ҚСРО Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында, оның шетелдердегі әр түрлі өкілдіктерінде қызмет істей жүріп, ҚСРО-дай ұлы да үлкен мемлекеттің дипломатиялық қызметінде отыз алты жыл өмірім өтіпті. Біздер Кеңестер Одағының сыртқы саясаттағы қызметін жүзеге асырушы болдық, ал басқа бір үлкен держава Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясаты оған қарсы тұрғандығы мәлім.

Кеңестер Одағының күйреуі салдарынан жаңа егеменді мемлекеттер құрылды. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болды, маған Қазақстан Республикасының сыртқы саясат істері жөніндегі мекемесінің орнығуы жолындағы істердің басы-қасында жүріп, қызмет атқару мәртебесі тиді.

Қазақта «Көп жасағанан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген мақал бар. Дипломатиялық қызметте жүрген талай жылдардың дүрмегі өмірімде айтарлықтай ізін қалдырды, көргеніңді екшеп, көп нәрсені көңілге түйдік. Жұмыс барысында әртүрлі елдердің көптеген мемлекеттік және саяси қайраткерлерімен, ғалымдармен, жазушылармен, әртістерімен жүздесіп, әңгімелесудің сәті түсті. Сол кездесулердің ең есте қаларлықтай жарқын сәттері осы естеліктеріме енді.

Өмірнамалық естелік жазбаны қолға алуыма көп жылғы дипломатиялық қызметтен соң педагогикалық жұмысқа келіп, болашақ дипломаттарға дәріс бере бастауым бірден-бір себеп болды.

«Дипломатиялық және консулдық қызмет» және «Дипломатиялық хаттама мен құжаттама» жөніндегі лекциялар курсы оқу кезінде КСРО-ның Біріккен Араб Республикасындағы, Түркия Республикасындағы, Эфиопия Социалистік Республикасындағы елшіліктерінде және КСРО Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында қызмет

істеген кездерімдегі әртүрлі оқиғаларға үнемі сілтеме жасауға тура келді. Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметіне қатысты лекцияларда да Қазақстанның сыртқы саясаты аппаратының құрылуына және оның нормативтік-құқықтық негізіне байланысты мысалдар келтіріп отырдым, сол кездері мен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары болып қызмет істеген едім.

Әлемнің әртүрлі елдерінде Қазақстан Республикасының бірінші елшіліктерінің құрылып, жұмыс істей бастауы егеменді Қазақстан үшін тарихи оқиға болды. Солардың алғашқыларының бірі Қазақстан Республикасының Венгриядағы Елшілігі еді. Елшіліктің ашылуы, шетелдегі осы өкілдіктің жұмысын ұйымдастыру, екіжақты қарым-қатынастарды орнату туралы естелік-жазбада жан-жақты айтылады.

Кітаптың қолжазбасын дайындау барысында жеке мұрағатымнан, Алматы қаласының облыстық мұрағатынан алынған және өзге де материалдар пайдаланылды.

Кітапты жазу жұмысына осы жылдар ішінде жанымда болған зайыбым Ләйлә Қадырқызы көп көмегін тигізді.

Бәлкім, бұл еңбек студенттер мен оқытушылардың ғана емес, ХХ ғасырдың біз куәгер әрі қатысушы болған елеулі оқиғаларына қызығушылық танытатын көпшілік оқырмандардың да назарын аударады ғой деген ойдамын.

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАР

*Өз жігеріңмен салған қызмет жолың
өлдекімге тағзым етіп, иіліп-бүгіліп немесе
маңызды бір қамқоршың арқылы салған
жолдан әрдайым да мықтырақ та айдынды.*

Д. И. Писарев

Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде қызмет істеген жылдар

1955 жылы Алматы шет тілдер институтын бітірген соң мені Петропавл педагогикалық институтына ағылшын тілінің мұғалімі етіп жіберді. Сол институтта екі семестр жұмыс істеп, Алматыға қайтып оралдым да Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігіне екінші хатшы қызметіне қабылдандым.

Сыртқы істер министрлігі немесе сол кезеңде Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінің Одақтық-республикалық Халық комиссариаты (СІХК) 1944 жылы ақпанда құрылды, бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуымен байланысты болатын. КСРО барлық одақтас республикаларды БҰҰ-ның құрылтайшы елдерінің санатына кіргізу туралы бастамамен ұсыныс жасаған еді, бірақ бұл бастама мақұлданбады. Соғыстан көп зардап шеккен ел болғандықтан Украина мен Беларусь КСР-ін құрылтайшы ретінде қабылдауға АҚШ пен Ұлыбритания ақыр соңында келісімін берді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі 1944 жылы 1 ақпанда барлық одақтық республикаларға шетелдік мемлекеттермен тікелей қарым-қатынас жасауға құқық беретін Заң қабылдады.

Қазақстан БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі бола алмады. Оның үстіне 1947 жылдан бастап одақтас республикалардың сыртқы қарым-қатынас жасаудағы құқықтарын күрт шектеу үрдісі байқала бастады. Сыртқы саясаттағы өкілеттіктің бір бөлігін иеленуге деген одақтас республикалардың ұмтылысын

одақтық басшылық қабылдамады. Осының барлығы түптеп келгенде, жаңадан құрылып, жұмыс істей бастаған Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі штатының қысқартылуына әкеп соқты.

1956 жылы мен дипломатиялық қызметімді бастаған кезде министрліктің штатында тек бес адам ғана болған еді (басқа жұмысты қоса атқаратын министр, министрдің көмекшісі, екінші хатшы, есепші, техникалық хатшы, жүргізуші). КСРО Министрлер Кеңесі сол кезде Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігін қаржыландыру мәселесін Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің билігіне беру және министрліктің штатын ұстауға арналған қаражатты одақтық бюджеттен алып, республикалық бюджетке ауыстыру туралы шешім шығарды.

Сыртқы істер министрінің лауазымын Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қоса атқарды. КСР Сыртқы істер министрлігінде мен қызмет істеген төрт жылдың ішінде Сыртқы істер министрінің қызметінде Т.Т.Тәжібаев пен А. Закарин, министрдің көмекшісі болып Н. С. Сағындықов пен М. Д. Байсаров жұмыс істеді.

Кеңестер Одағының барлық сыртқы саясат қызметін КСРО Сыртқы істер министрлігі жүзеге асырып отырды. Біздің министрлік атқаратын қызмет міндеті шектеулі болды. Біз негізінен хаттамалық-консулдық мәселелермен айналыстық.

Маған, шет тілдер институтының кешегі түлегі үшін дипломатиялық қызмет өзгеше қызық та қиын көрінді. Жаңа кәсіпті меңгере жүріп, барлығын да үйренуге тура келді. Бағыма орай, тағдыр мені тамаша ұстаздарыма жолықтырды.

Біздің министр Т.Т.Тәжібаев ірі ғалым, мемлекеттік әрі қоғам қайраткері еді. Мен министрдің тапсырмасын орындауға бар күш-жігерімді салып бақтым, қажетті құжаттарды жазуға машықтандым. Біздер Қазақстан жөнінде жүйелі түрде материалдарды дайындап, оны Мәскеуге жіберіп отыратынбыз. Мәскеуден Қазақстан үшін де, КСРО-ның Үрімшідегі және Құлжадағы (ҚХР) Бас консулдығы үшін де үнемі дипломатиялық пошта алып тұрдық. Министрге күн сайын фельдгерлік байланыспен КСРО Сыртқы істер министрлігінің баспасөз бюллетені жіберіледі. Түскен барлық поштаны, дайындалған материалдарды министрге қол қоюға апарамын. Оның жұмыс кабинеті Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Киров

пен Панфилов көшелерінің қиылысындағы ғимаратында болатын. Ол қашанда сабырлы, ұстамды адам еді. Егер менің жұмысымда әлдеқалай бір кемшіліктер байқалып жатса, ол кісі әрдайым байыптылықпен түзетіп отыратын.

КСРО Сыртқы істер министрлігіндегі қалыптасқан тәртіпке сай Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының Сессиясына кеңес делегациясының құрамында кезекпен одақтас республикалардың сыртқы істер министрлері баратын. Төлеген Тәжібайұлы оған бірінші рет 1950 жылы, содан соң қатарынан 1956 және 1957 жылдары барды, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының Қорғаншылық жасау комитетінде жұмыс істеді. Мен оның соңғы 1957 жылғы сапарының дайындық жұмысына тікелей қатыстым. Қазақстан туралы ол кісінің өзімен бірге ала кететін барлық қажетті анықтамалық материалдарын мұқият дайындадық.

Америкадан Төлеген Тәжібайұлы ағылшын тіліндегі көптеген журналдар, әр түрлі анықтамалық материалдарды ала келді. Олардың арасында педагогика мен психология, тарих пен дипломатияға қатысты әдебиеттер де болатын. Мені Американың мерзімдік басылымдары, түрлі-түсті безендірілген журналдары, жарнамалары, балаларға мектепте жыныстық тәрбие беру жөніндегі және тағы да басқа мәселелерге қатысты жарияланған әрқилы материалдары таң қалдырды. Өкінішке орай Т.Т.Тәжібаевпен бірге мен бар-жоғы бір-ақ жыл қызмет істедім.

Екінші тәлімгерім М.С.Фазылов болды. Мәлік Сабырұлы Шымкент мұғалімдер институтын бітіріп, одан соң Сыртқы істер комиссары Т.Т.Тәжібаевтың КСРО Сыртқы істер халкомының кадр басқармасымен келісуімен және Қазақ КСР Сыртқы істер халкомының арнайы жолдамасымен 1945 жылы Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтына (ММХҚИ) оқуға түсті. ММХҚИ-ді бітіргеннен кейін Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде бірінші хатшы, министрдің көмекшісі болып қызмет істеген. Мен Сыртқы істер министрлігіне қызметке келер алдында ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің лекторлар тобына жұмысқа ауысып кеткен еді.

Мәлік Сабырұлымен біздің министріміздің арқасында танысқан болатынмын. Бірде күнделікті поштаны қарап болған соң Т.Т.Тәжібаев құпия емес материалдарды оған апарып

беруімді сұрады. Мәкең алғашқы жүздескен сәттен бастап маған бірден ерекше жылыұшырап, ағалық қамқор көңілімен баурады. Кез келген мәселеде қажет болса өзінің көмегін беруге даяр екендігін айтты. Ол кісінің кәсіби біліктілігі, өзіңмен тең адамдай сөйлесе білу мәнері, ақылмандығын телімей айта білетін ағалық ақыл-кеңесі менің дипломатиялық қызметтің әліппесін меңгеруіме көп септігін тигізді.

Менің тікелей бағынатын басшым министрдің көмекшісі Нұролла Сағындықов деген азамат еді, ол да ММХҚИ-дің түлегі болатын. Біздер шетелдік делегациялар мен Мәскеуде аккредиттелген әр түрлі елдердің елшілерін бірге қарсы алып, оларға жолбасшылық көрсетіп жүрдік.

Шетелдік жоғары мәртебелі қонақпен бірінші кездесуім күні бүгіндей есімде. Шыңжаңға (ҚХР) бара жатқан Үндістанның КСРО-дағы елшісі Кришна Менон жолай 1957 жылы Алматыға келді. Елшіге Мәскеудегі Үндістан Елшілігінің аттас есі, орысша тіл білетін Гонсалвес жолбасшылық жасап жүрді. Министрдің тарсырмасымен біздің қаламызда болған кезде елшіге жолбасшылық жасап, алып жүру маған тапсырылғандығы туралы айтылды. Қонақтар тауда Министрлер Кеңесінің Демалыс үйіне орналасты. Таңертеңнен түннің бір уағына дейін қонақтармен бірге жүрдім. Бірінші күні өте-мөте толқу үстінде болдым. Өзімді еркін ұстай алмай, абыржып жүрдім, хаттамалық жағынан әлдеқалай бір орашалақтық жіберіп алам ба деп қорықтым. Түскі астың үстінде ет пен балыққа арналған шанышқыларды қолыма ұстағанда шатастырып алмауға тырыстым, қонақтарға мұқият көзімнің қырын салып, аспаптарды қалай ұстайтындықтарын бақылаумен болдым. Тек қана ағылшынша сөйлеуге тырыстым. Дипломатиялық қызметтің негізгі қағидаларын мен жақсы білетінмін. Сол білетінімді енді іс-жүзінде қолдана білуім ғана қажет. Қонақтармен бірге ресми жүріс-тұрысқа бойым үйреніп, екінші күні өзімді кішкене еркінірек сезіндім, тіпті қонақтардың кейбір хаттамалық тұрғыдан жіберген кемшіліктерінде байқап жүрдім. Гонсалвес аттасе түскі ас үстінде тамақты асығыс-үсігіс жеп әрі көп сөйлеп, елшімен әңгімелескенде хиндишеге жиі-жиі ауысып кете берді. Елші ол хинди тілінде сөйлей бастағанда оған ағылшын тілінде жауап беріп, өзінің қызметкерінің қателігін қолма-қол сыпайы ғана түзетіп отырды.

Т.Т.Тәжібаев жоғары мәртәбелі қонақтың келу құрметіне қабылдау жасады. Біздер қонақтарға қаланың көрікті жерлерін көрсеттік, Медеуге, Үлкен Алматы көліне апардық. Алматы шампан-шарап зауытына барғанымыз менің есімде әсіресе қатты қалыпты. Мөлтендеп қаз-қатар тізіле қалған шишаларға көзі түскен кезде, қонақ екі қолын сермелеп, мұншама көп шараптың әрқайсының дәмін татып көруден бас тартты. Телеген Тәжібайұлы мұндайда масайып қалмаудың тәсілін білетіндігін айтып, қонақтың алабұртқан көңілін орнына түсірді. Ол маған шарапты ашытылу күшінің өсуіне қарай қатарластырып қоюмды өтінді. Қонақтар шырын дәмі әр түрлі шараптан сүйсіне дәм татты. Мен қайран қалдым. Дипломат тіпті әрі-беріден соң шараптың дәмін қалайша татып көру өнерінде білуге тиісті екен.

Елші Кришна Менон біздің тауларымыздың әдемілігіне шын көңілден таң-тамаша қалып, Алатау Гималайға өте ұқсас екен деп сүйсінді. Үнді Елшісі Министрлер Кеңесінің Төрағасы Д. А. Қонаевтың қабылдауында болды. Димаш Ахметұлымен әңгімелесу рәсіміне атташе Гонсалвес, Т.Т.Тәжібаев және мен қатыстым. Мен үшін бұл саладағы жұмыстың алғашқы қадамы ғана болып қойған жоқ, шетелдік дипломаттармен жүздесудің тамаша өнегесі де болды.

Осыдан соң елшілерге жолбасшылық көрсетіп, алып жүру қиын болған жоқ. 1958-1959 жылдары Қазақстанға Мәскеуде аккредиттелген КХДР-дың елшісі Нам Ир, АҚШ елшісі Гарриман жұбайымен, Нидерланд елшісі Якубус-де-Бес, Индонезия елшісі Мариямус, Цейлон елшісі Малаласекер, Пәкістан елшісі Ан Халали баласымен келді. Дипломаттар келетін қарсаңда КСРО Сыртқы істер министрлігінің хаттама бөлімінен қонақтарды өз деңгейінде қарсы алып, қабылдау жөнінде хабар түседі. Елшілерден басқа біздің республикаға АҚШ-тан, Франциядан, Жапониядан дипломаттар, Батанбана қаласының (Камбоджа) муниципалитетінен делегация келді.

Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі әр түрлі министрліктер мен комитеттерге хаттамалық іс-шараларды жүзеге асыруға көмектесіп отырды. Алматыда 1957 жылы маусымда КСРО Министрлер Кеңесінің өкімімен бірінші рет ірі қара малдардың жұқпалы ауруларының профилактикасы мәселелері жөнінде халықаралық өңірлік конференция өткізілді. Бұл жиынды

әзірлеп, өткізуге КСРО ауыл шаруашылығы министрлігі мен ВАСХНИЛ-дің қызметкерлері белсенді түрде ат салысты.

1958 жылы Алматыда паразитология жөнінде төртінші Азия конференциясы өтті, оның жұмысына құрамында бес адам бар Камбоджа делегациясы қатысты. Делегацияны Камбоджа Королдігінің Мәскеудегі Елшілігінің бірінші хатшысы Инк Жюдет басқарып келді. Конференция жұмысының барлық күндерінде мен солармен бірге жүрдім, қонақтар конференция жұмысына да, біздің қонақжайлығымызға да ырзалықтарын білдіріп аттанды. Бірқанша уақыттан кейін Камбоджа Королдігінің Мәскеудегі Елшілігі дербес нота жіберіп, онда бірінші хатшы «оның Алматыда болған кезінің жақсы да пайдалы өтуіне көрсеткен ізетім мен айрықша ықыласым үшін» маған алғыс айтыпты. Осы қарапайым ғана хаттамалық ізет білдірудің өзі біздерді бір көтеріп тастады.

Хаттамалық жұмыстан басқа, біз консулдық мәселелермен де айналыстық. Біздерге КХР, ГФР, КХДР-дың, Испанияның, Грецияның, Аргентинаның репатриацияланған азаматтары құжаттарын: туу туралы куәліктерін, дипломдарын және де басқадай құжаттарын заңдастырып беруді сұрап өтініш жасайды. Оралмандардың арасында әр жылдары Отаннан тысқары кеткен кеңес елінің азаматтары, кеңестің әскери тұтқындары, саяси эмигранттар да болды.

Аргентинадан келген бір бақытсыз отбасына көмектесуге әл-дәрменіміз жетпеген сондағы бір жағдай еске түсіп отыр. Аргентинадан көшіп кететін кезде Украинаның диаспорасы болып табылатын олар сатып үлгермеген мүліктері үшін (жер, ауыл шаруашылығы машиналары және т. б.) күйеу баласына сенімхат тастап кетеді. Ал күйеу баласы болса, әлгі мүліктерді сатудан түскен ақшаны қалтасына басып алып, Қазақстанға келуден бас тартады.

Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде қызмет істеген бір жыл уақыт көзді ашып-жұмғандай болмай өте шықты. Менің тәлімгерлерім де қызмет бабымен, оқу, тағы да басқа себептермен жан-жаққа кетті. Төлеген Тәжібайұлы КСРО-ның Үндістандағы Елшісіне кеңесші-уәкіл болып дипломатиялық жұмысқа тағайындалды. Нұролла Сағындықов Мәскеуге Қоғамдық ғылымдар академиясына оқуға кетті. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы және Сыртқы істер министрінің

қызметін қоса атқарушы болып ғалым-математик А. З. Закарин, министрдің көмекшісі болып М. Д. Байсаров тағайындалды. Бәрінен де бұрынғы министріміздің басқа қызметке ауысып кеткеніне көңілсізденіп қалдық. Ол мен үшін барлық жағынан өнеге тұтар адам болатын, тіпті киім кие білісінің өзінен де үлгі алуға боларлық еді.

Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі 1954 жылдан бастап, Қытайдан репатриацияланып келген азаматтарды қабылдап, жұмысқа орналастыру ісімен айналысты. Репатриацияланып келгендердің ең көп саны 1956-1958 жылдарда болды. Біздер кезінде әрқилы себептермен Қазақстаннан кетіп қалған, КХР-дың Шыңжаң автономиялық округынан және Іле-Қазақ автономиялық ауданынан келген қазақтарды, ұйғырларды және татарларды жұмысқа орналастыру мәселесімен айналыстық.

КСРО-ның Үрімшідегі Бас консулдығы және Құлжадағы КСРО Консулдығы Отанына оралғысы келетін азаматтардан өтініштер, өмірі, тұрмыс жағдайлары мен істейтін қызметтері туралы егжей-тегжейлі сауалнамалар алып, бұл құжаттарды КСРО-ның Консулдық басқармасына жібереді. Сауалнамалық мәліметтерді тиісті органдар тексеруден өткізгеннен соң сол азаматтарға тұрақты мекен-жай беру және жұмысқа орналастыру мәселесін шешуді сұрап, өтініштердің бірқатары біздерге, Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігіне жіберіледі. Одан әрі нақтылы жұмыстар қолға алынады. Біздер осы сұрау-сауалдарды Семей, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл облыстарына жібереміз. Егерде біздің осы сұрау-сауалдарымыз қанағаттандырылған жағдайларда, оң шешімін тапқан құжаттар КСРО-ның Консулдық басқармасы арқылы КСРО-ның Үрімшідегі Бас консулдығына немесе КСРО-ның Құлжадағы Консулдығына қайтарылады. Тұрақты тұратын мекен жай туралы мәселені шешуде біздер белгілі бір аудандарда олардың туған-туыстарының бар-жоғын ескеріп, содан соң келу іс-қағаздары тиісті облыстық атқару комитеттеріне жіберіліп отырды.

Осы құжаттардың негізінде консулдық мекемелер Қазақстанға келуге визалар береді. Келушілер көтерме ақы алады. Қоныс аударушылардың көптеген топтарын оларды қабылдап алатын облыстың өкілдері жолбасшылық жасап

әкетеді. Оралмандарға барған жерлерінде тұрғын үй, несие және ірі қара мал берілді. Олар әдетте ауылдық жерлерге қоныстандырылды, онда әр кезде де жұмыс күшіне деген зәрулік болатын. Кейбір оралмандар солтүстік облыстарға қоныстандырылды, бірақ олар мұндағы ауа-райының қатаң мінезіне шыдас бере алмай, кейіннен жекелеген топ-тобымен жергілікті биліктің рұқсатымен немесе тіпті кейде олардың рұқсатынсыз-ақ елдің оңтүстігіне қоныс аударуға мәжбүр болды.

Сыртқы істер министрлігінің штатындағы адам қарасы оншалықты көп болмағандықтан, біздер облыстарға сұрау салуды уақтылы жазып, жіберуге үлгермей жататынбыз. Баспаханаларға осы құжаттардың қалыптама-қағаздары мен сауалнамаларды басып шығаруға тапсырыс беруге тура келді. Бұлайламыз жұмысымызды біршама жеңілдетті. Осы орайда кейбір сандық мәліметтерге жүгіне кетейін. 1957 жылы Қытайдан, Моңғолиядан, Ираннан, Грециядан, Аргентинадан және тағы басқа елдерден келген 6386 адамға тұрғын үй беріліп, жұмысқа орналастырылды, ал 1958 жылы – 12 510 адамға осындай жағдай жасалды. Осы шаруамен қатар оларды КСРО азаматтығына қабылдау мәселесі де өз шешімін тапты.

1958 жылы КСРО Министрлер Кеңесінің «КХР-дан келетін кеңес азаматтарын репатриациялау жөнінде қосымша іс-шаралар туралы» қаулысы шықты. Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі өзінің мүмкіндіктерін зерделей келе, 1959 жылы Сүмбе ауданы арқылы 1000 отбасын қабылдай алатындығы жөнінде ұсыныспен шықты. Бұл ұсыныс Үрімшідегі, Құлжадағы консулдық бекеттер Сүмбеден, сол отбасылары тұратын жерден шалғайырақ болғандығына байланысты жасалды.

Біздің оралмандарға қатысты жұмысымыз осымен шектелген жоқ. Қытайдан келген азаматтарды тұрақты қоныстандыруға жіберілген аудандарға мезгіл-мезгіл барып тұрдық.

Арнайы қоныс аударушылармен Қазақстан аумағындағы немістермен, поляктармен жұмыс істеу жағдайы басқашалау сипатта болды. Ресми түрде бұл топтарға қатысты арнайы қадағалау 1956 жылы алып тасталып, олардың азаматтық құқықтары танылды, бірақ тарихи отандарына репатриация жасау өзірше мүмкін болмады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Екінші Речь Посполитаның шығыс аудандарынан күштеп кетірілген поляктардың бірінші репатриациясы елуінші жылдары 1945 жылғы Польша-Кеңес келісімінің және одан кешірек жасалған 1956 жылғы Польша-Кеңес декларациясының негізінде басталды. Отандарына бірнеше мың адам қайтып кете алды, поляктардың негізгі көпшілігі Қазақстанда қалып қойды.

Біршама уақыт өткеннен кейін асығыс кетіп қалған поляктар кеңес тарапына олардың Оңтүстік Қазақстан облысында жұмыс істеп тапқан еңбеккүндерін төлеуді сұрап өтініш жасады. Біздерге КСРО Консулдық басқармасынан өкіл келіп, онымен бірге Шымкент қаласына бардық. Онда екеуіміздің қасымызға облыстық атқару комитетінің өкілі қосылды. Біздер Оңтүстік Қазақстан облысын аралап шықтық, кетіп қалған поляктар жұмыс істеген кеңшарлар мен ұжымшарларда болдық. Олардың тапқан еңбеккүнінің тізімін жасап, көрсетілген шоттарға тиесілі ақшаны аударту үшін оны облыстық атқару комитетіне бердік.

Осындай консулдық мәселелермен айналыса жүріп, мен өзіме заңгерлік білімнің жетіспейтіндігін түсіндім. 1958 жылы Алматы заң институтының заң факультетіне кешкі бөліміне оқуға түстім. Үш-ақ жыл оқып, Мәскеуге оқуға кетуіме байланысты бұл институтты тастауға мәжбүр болдым.

Біртін-біртін тәжірибе мен білімді жинақтай келе, толық мәніндегі дипломат қызметі үшін тиісті даярлықтың қажеттігін ұғынғанның үстіне ұғына түстім. Бұл жөнінде маған Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде қызмет істеген Д.И. Ысмағұлов, Ж.С. Тінәлин, А.Ш. Туғанбаев сынды ағалар да айтқан еді. Ал мұндай даярлықтан Жоғары дипломатиялық мектептен (ЖДМ) ғана өтуге болатын-ды. Бұл КСРО Сыртқы істер министрлігі, одақтас республикалар Сыртқы істер министрлігі үшін дипломат кадрларын, сондай-ақ туысқан социалистік елдерге дипломаттар даярлайтын арнайы оқу орны болып табылатын. Мұнда оқуға жоғары білімі бар, партия және мемлекеттік қызметте істеген жұмыс тәжірибесі бар адамдар түсе алатын. ЖДМ 1939 жылы КСРО Сыртқы істер Халкоматы жанындағы Дипломатиялық және консулдық қызметкерлерді даярлау институты қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылды.

Мұрағаттық құжаттарды ақтара отырып, 1944 жылдың өзінде

Қазақ КСР-інің құрылғалы жатқан сыртқы саясат мекемесі үшін КСРО Сыртқы істер министрлігінің ЖДМ-інің жанындағы алты айлық курсқа Қазақстан КП Орталық комитеті Бюросының шешімімен 11 адам жіберілгендігі, 5 адамның Жоғары партия мектебінің дипломатиялық бөлімінде оқығандығы туралы деректі тауып алдым. Олардың барлығы да кейіннен Қазақ КСР Сыртқы істер Халық комиссариатының қызметкерлері болды. Т.Т.Тәжібаев жоғары кәсіби дипломат кадрларын даярлау мәселесіне өте мұқият назар аударып отырды. 1945 жылы ЖДМ-іне үш адам оқуға жіберілді, осыншама адам Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтына (ММХҚИ-ге) түсуге ұсынылды. Олардың арасында М.С.Фазылов пен Р.Ш.Шамжанова да болды.

Келесі 1946 жылы Қазақстан КП Орталық комитетінің Бюросы тағы да үш адамды ЖДМ-іне оқуға жіберуді ұсынды.

Одан кейінгі кездері отыз бестен астам қазақстандық осы мәртебелі оқу орнын тамамдады. 1959 жылы ЖДМ-ін бітірген бір топ қазақстандық азаматтар КСРО-ның елшіліктеріне: С.Т.Ділдәбеков – Иранға, К.Баймұратов – Суданға, Д.А.Райымбеков – Венгрияға қызметке жіберілді. Олардың барлығы үшінші хатшы қызметін атқарды.

1959 жылы Мәскеуден өндірісте жұмыс істейтін жастарды Мәскеу мемлекеттік Халықаралық қатынастар институтына (ММХҚИ-ге) түсуге іріктеу үшін қабылдау комиссиясы келді. Маған лайықты үміткерлерді іріктеу жөнінде комиссия жұмысына көмектесу тапсырылды. Мәскеуге, ММХҚИ-ге жолдама берілген бесеудің ішінен Д.Байділдин ғана бітіріп шықты, ол кейіннен Кеңестер Одағының үздік қытайтанушыларының бірі болды. Сол жолы мәскеулік қонақтармен әңгімелесе жүріп, сөз арасында Жоғары дипломатиялық мектепке оқуға бару ниетімді айттым. Олар менің шешімді құптады, бұл жайт менің сеніміме сенім қосты.

Менің бұл талабымды үлкен ағалар, тәлімгерлерім және ең алдымен, Қазақ КСР ЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет істейтін С.Ж.Кенжебаев қолдады. Сталин көшесі мен Максим Горький көшесінің қиылысындағы ғимаратта КСР ЛКЖО Орталық Комитетінің аппараты, Мемлекеттік бақылау комитеті мен Сыртқы істер министрлігі орналасқан болатын. Сағындық Жүнісұлы маған әрдайым

әкелік қамқорлық көрсетіп жүруші еді. Жұмысым туралы сұрайды, ақыл-кеңесін береді. Бірде мен ол кісіге оқуды одан әрі жалғастырғым келетіндігім туралы ойымды айттым. Ол менің бұлжоспарымды құптап, кейінірек ЖДМ-ді бітіріп, КСРО Сыртқы істер министрлігінің 5-ші Еуропа бөлімінде атташе болып жұмыс істеп жүрген Д.А.Райымбековпен таныстырды. Мен осы оқу орнына түсудің талаптарын, оқу процесі мен құжаттарды ресімдеудің жекелеген жай-жапсарларын біліп алдым.

Сол жылдары мен Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының қатарында болатыным, ал ЖДМ-ға түсу үшін партия мүшесі болуың қажет еді. КСРО Коммунистік партиясының қатарына қабылдану үшін КОПК-ның екі мүшесінің және бастауыш комсомол ұйымының кепілдемесін алуың керек. Өзім есепте тұратын комсомол ұйымы маған кепілдеме берді, ал менің өз бастығым М.Д.Байсаров та кепілдеме беруге даяр екендігін айтты, енді бір партия мүшесінің кепілдемесін алуым қажет болды. Ақыл-кеңес сұрау үшін С.Ж.Кенжебаевқа бардым. Сағындық Жүнісұлы екінші кепілдеме бере алатын адам деп, КСР ЛКЖО Орталық Комитетінің хатшысы болып қызмет істейтін Қ.С.Егізбаевты айтты. Қ.С.Егізбаев мені Саяси және ғылыми білім тарату жөніндегі қоғамда жүргізетін жұмысым туралы білетін болып шықты. Осы Қоғамның тапсырмасы бойынша мен Семей, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарына бірнеше мәрте лекция оқуға барған едім. Одан басқа 1958 жылы Қазақ КСР-інің Қытай Халық Республикасындағы Үрімші, Қашқар, Құлжа қалаларына барған бірінші жастар делегациясының құрамында болғанмын. Делегацияны сонда Қ.С.Егізбаев бастап апарған-ды.

Үлкен ағалардың сенімі мен қолдауының арқасында Совет Одағы Коммунистік партиясының мүшесі болдым. Мұндай санатты иеленгенімді өте-мөте мақтан тұтумен қатар үлкен жауапкершілікті де сезінгенімді асқақ сөйлемей-ақ айта аламын.

Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде қызмет істей бастаған кезеңнің ішінде мен екінші рет 1960 жылы Қазақстан жастарының туристік тобының жетекшісі болып, Австрияға бардым. Топтың құрамында жас комсомол қызметкерлері

Санжар Жандосов, Әбілфайыз Ыдырысов, менің зайыбым Ләйлә Қадырқызы болды. Осынау сапарлар таным көкжиегін кеңейтіп, ЖДМ-ға оқуға баруға деген ниетімді бекіте түсті.

Сол кездері жаңа жұмысқа ауысуға қатысты екі ұсыныс алған едім. Біріншісі – Қазақ КСР-інің жаңадан құрылған Сауда палатасына жауапты хатшылығы қызметі. Бас тарттым, өйткені сыртқы сауда мәселесімен ешуақытта айналысып көрмеген адаммын.

Екінші ұсыныс Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің жанындағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен түсті. Бұл ұйымға жоғары білімді, шет тілін білетін жас мамандар керек болатын. МҚК-нің өкілі С.Б. Бекеновпен болған әңгімеде ЖДМ-іне оқуға түсу ойымда бар екенін айттым. Ол кісі маған МҚК-нің жүйесінде олардың кәсіби бейініне қатысты шетелде жұмыс істейтін қызметкерлер даярлайтын жоғары курстар бар екендігін хабардар етті. Ұсыныстан бас тартқан жоқпын, бірақ бұл мәселені кідірте тұруын өтініп, ЖДМ-ға оқуға түсуге талпыныс жасауыма мүмкіндік беруін сұрадым.

Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде қызмет істеген төрт жылдың ішінде барлық хаттамалық-консулдық жұмысты меңгеріп алдым, сол себептен де менің одан әрі оқимын деген талабымды ата-анам мен зайыбым да қолдады.

Менім ата-анам Солтүстік Қазақстан облысында, Қаратал ұжымшарында тұратын. Әкем Әлмағанбет Құрманғожин В.И. Ленин атындағы және «Қазақ КСР-інің 30 жылдығы» ұжымшарларында ұзақ жылдар бойы басқарма болып қызмет істеген адам. Шешем Жанкүміс отбасында алты баланы тәрбиеледі. Соғыс жылдарында елдің ер-азаматтары Ұлы Отан соғысының қанды шайқас майдандарында соғысып жатқанда ұжымшарда тек қана шал-кемпірлер мен әйел, бала-шағалар жұмысқа жегілді. Басқарманың баласы ретінде маған ешқандай ала-бөтен жеңілдік жасалған емес. Өзім құралыптас балалармен бірдей жұмыс істедім. Әкем өте қатаң және талап қойғыш кісі болатын. Ерте көктемнен бастап, күздің қара суығы түскенше ызғырыққа қарамай далада бүрсеңдеп жұмыс соңында жүрдік. Біздің өлкеде жаз қысқа, көктем мен күзде үнемі қарлы жаңбыр сабалап, ызғырық жел өңменіңнен өтердей екпіндей соғатын. Егін орып, астық бастыру науқанында мен «лобогрейканың» тұтқасын ұстайтынмын.

Қазіргі жас буын ұрпақ мұндайдың не екендігінен, әрине, бейхабар, десе де менің жасымдағылар, ауылдың ыстық-суығына шынығып өскен жандар сол бір қаһарлы жылдардың бейнесін жадынан шығармайды. Күз түсе өгізді ырдуан арбаға жегіп, Қызылжардың астық қабылдау пунктеріне қапшық-қапшық астық тасимыз.

1951 жылы мен оқу бітірген Ленин қазақ мектебінде білікті де білімдар жақсы мұғалімдер дәріс беретін. Мектеп директоры тәжірибелі ұстаз, шын мәніндегі педагог Шиап Садықов деген ағай еді. Өзімді оқытқан ұстаздарым Жаңғали Құсайынов, Қалау Садықов, Ахметжан Қалиахметовтердің бейнесі күні бүгінге дейін көңілімнің төрінде тұр.

1951 жылы Алматы педагогикалық институтының география факультетіне оқуға түсуге Алматыға келдім, өйткені жағрафия менің өте сүйіп оқитын пәнім болатын. Қаладағы өмір маған мүлдем беймәлім қырымен баурап алды. Әсіресе мұнтаздай тап-таза болып жататын асфальт төселген көшелерге, шыңдары ақ қарлы тауларға таң-тамаша қалып жүрдім. Сөйтіп жүргенде, қабылдау сынағына екі күн қалғанда монша барып, ыстық будан рахаттанып шығып, балмұздақ жемесім бар ма. Сол – сол-ақ екен, келесі күні денемнің ыстығы әнтек көтеріліп қатты ауырып қалдым, тамағымнан алған іріңді қабынған баспа ауруы төсекке алып ұрды. Қатты соққан аурудан сүлесөк болып, одан жазыламын дегенше қабылдау сынақтары басталып та кеткен еді, енді үйге дым бітірмей қайтып бару – ұят. Осындай сарсаңға түскен мезетте Хамит Біржанов деген жерлесім қол ұшын берді. Ол маған өзі тамамдаған шет тілдер институтына құжаттарымды тапсыр деп ақылын айтты. Қабылдау сынақтары бұл институтта қазақша жүргізілетін еді. Сынақтардан қиналмай өтіп, ағылшын тілі факультетінің студенті болып шыға келдім. Оқудың инемен құдық қазғандай қиындығын кейінірек бастан кешіруге тура келді. Оқу орыс тілінде жүрді, ал мен оны мүлдем білмеймін десем де болады. Бір мезгілде екі тілді қатар оқып, үйренуге мәжбүр болдым. Курстас жолдасым Кәрібжан Нұрмағанбетов екеуіміз күн сайын түнгі сағат екіге дейін отырып, сабақ оқитынбыз. Кейде тіпті орыс тілін ағылшын тілін үйрену арқылы оқып, меңгерген сияқты боламын. Кейбір кездері диалектикалық материализм бойынша орыс мәтіндерін мағынасын түсінбей, жаттап

алатынмын. Оқуға деген ынтамның мейлінше қатты болғаны ғой. Ең қиыны алғашқы екі жыл болды.

Үшінші курс оқып жүрген кезде, 1953 жылы тамаша бір көрікті қыз Ләйлә Доцановамен таныстым. Біздер Оңтүстік Қазақстанның Мақтаарал ауданынан мақта жинау жұмысынан оралған бетіміз еді, біздің институтта Сталиндік конституция күніне арналған студенттік кеш өткізілді. Сол кеште ҚазГУ-де оқитын бір таныс студент менің қасыма келіп, қарама-қарсы жағымызда керемет бір қыз жалғызсырап тұр, маған оны биге шақыр деп өзінше кеңес бергенсіді. Солай деді де, әлгі жеңіл ғана күрсініп, өттең бойы құрғыр аласа, әйтпесе өзім-ақ оны биге шақырар едім деп тағы бір сөздің шетін шығарып қойды. Өлгі танысымның айтқаны себеп болды ма, әйтеуір бейтаныс бойжеткеннің қасына жақындап барғанымда бір ғажайып әсер бойымды еріксіз билей жөнелді. Билеп жүрген көп құрбыларынан мүлдем дара, бойшаң, құлын мүсінді қыздың аясы үлкен нұрлы жанары, белінентөмен түскен, төгілген ұзын қос бұрымы көзді қас-қағымда арбап алғандай болды. Екеуміз бір-бірімізге ізетті тіл қатысып, сол кеште таныстық. Ол Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетінің екінші курсында оқиды, спорттық гимнастикамен айналысады екен.

1956 жылы біз үйлендік, бір жылдан соң Рүстем деген ұлымыз дүниеге келді...

...Әйеліміз екеуміз қызметке байланысты маған жасалған ұсыныстардың әрқайсын өзара үнемі талқылайтынбыз. Міне, сондай талқылаулардың бірінен соң Жоғары дипломатиялық мектепке (ЖДМ) оқуға түсуге талпыныс жасауым керектігі жөнінде шешімге тоқталдық.

ЖДМ-ға оқуға түсу үшін Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің кепілдемесі керек болды. Алғашқы әңгімелесуді менімен ҚКП ОК-інің ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары К.Т.Төлкеев өткізді. Ол маған бөлім бес үміткердің ішінен менің кандидатурамды таңдап алғанын айтты. Соңғы шешімді әңгімелесуді ҚКП ОК-інің әкімшілік бөлімінің меңгерушісі А.Е.Жданов өткізді. Бірнеше күннен кейін мені КСРО Сыртқы істер министрлігінің Жоғары дипломатиялық мектебіне оқуға жіберуге кепілдеме туралы шешім қабылданды.

Сол жылы тамыз айында әңгімелесуге шақырту алдым.

Мәскеуде мен осы оқу орнына келген барлық он бес одақтас республиканың өкілдерін жолықтырдым. Әр республикадан бір орынға екі-үш кандидатурадан болды. Қазақстаннан жалғыз мен болдым. Ең алдымен болашақ тыңдаушылардың сауаттылығы тексерілді, біздің бөрімізге диктант жаздырды. Нәтижесі көңіл көншітерліктей болмады. Көпшілігі қанағаттанғысыз баға алды. Одан соң үміткерлердің әрқайсымен жеке-жеке әңгімелесу өткізілді. Маған бұдан басқа ағылшын тілінен қосымша әңгімелесуден өтуге тура келді.

Мәскеудегі сынақты өткізіп болған соң елімізге оралып, оның нәтижесін күттік. Тамыздың соңына таман ЖДМ-ның екі жылдық бөліміне оқуға қабылданғаным туралы қуанышты хабар да жетті, бұл бөлімде КСРО Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында және шетелдік мекемелерінде жұмыс тәжірибесі бар дипломаттар оқитын еді. Сірә, қабылдау комиссиясы менің ағылшын тілін білетіндігімді және Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігіндегі бес жылдық жұмыс тәжірибемді назарға алса керек.

Отбасын тастап, оқуға аттану көңілді ептеп құлазытқандай да болды. Ләйлә аспирантураға түсіп, диссертацияның жұмысынан қолы босамады. Ұлымыз Рүстем төрт жасқа аяқ басты. Көңілге демеу болғаны, олардың қастарында әйелімнің ата-анасы қалғандығы еді.

ЖОҒАРЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ

ЖДМ-інің профессорлық-дипломатиялық құрамы кәсіби мамандармен жасақталған болатын. Дипломатиялық мектептің ректоры В.З.Лебедев көп жылдар бойы Англияда, Польшада, Финляндияда елші болып қызмет істеген кісі. Бірінші проректордың міндетін профессор В. И. Поляков атқарады, оның есімі халықаралық қатынастар және сыртқы саясат тарихы жөніндегі бірқатар еңбектерімен мәлім болған еді. Кейіннен ол Англияда елші болды. Ол КСРО-ның, Англияның, АҚШ-тың, Германияның сыртқы саясаты жөніндегі бірқатар монографиялар жазды.

Біздер елімізде аты белгілі дипломаттар мен ғалымдардың лекцияларын тыңдадық. Халықаралық құқық курсы

халықаралық-заңгер В. Н. Дурденевский оқытты. Сол кезде КСРО Сыртқы істер министрлігінің хаттама бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істейтін елші Ф. Ф. Молочниковтың лекцияларын тыңдадық. Оның «Дипломатиялық хаттама және дипломатиялық іс-тәжірибе» деген оқулығы талай дипломаттар буынының басына жастанып оқитын кітабы болған. Біздің оқытушыларымыздың арасында «Халықаралық ұйымдар» курсын оқытатын, тарих ғылымының докторы, профессор В. Л. Израэлян болды.

Оқу үшін барынша тамаша жағдай жасалған болатын. ЖДМ ғимараты Қызыл қақпаларға таяу жерде, Үлкен Козлов тұйық көшесінің бойындағы 4-ші үй еді. Жатақханамыз – Павелецк вокзалына таяу маңдағы Стремянный тұйық көшесінің 9-шы үйі. Әрбір тыңдаушының тұратын жеке бөлмесі болды, бірінші қабатта үлкен денешынықтыру залы болды, онда бильярд үстелі мен теннис ойнайтын үстел қойылған. Екінші қабатта теледидар көріп, газет оқып, шахмат ойнайтын «қызыл бұрыш» деп аталатын бөлме бар.

Біздің тілді оқып, үйренетін тобымызда үш адам болды. Олардың бірі – Николай Васильевич Капышин, Ұлы Отан соғысына қатысушы, КСРО-ның Үндістандағы Елшілігінде үшінші хатшы болып қызмет істеген. Ағылшын және парсы тілдерін біледі. Ал Валентин Федрович Попов болса, ол кісі де КСРО-ның ГФР-дағы, Чехославакиядағы Елшіліктерінде жұмыс істеген, ағылшын және неміс тілін білетін. Ол екеуі де менен әлдеқайда ересек, КСРО Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында да, шетелдік өкілдіктерінде де істеген жұмыс тәжірибелері бар адамдар еді. Осындай курстастарыммен, тәжірибелі дипломаттармен бірге оқып жүргендіктен, олардан қалып қалмас үшін менің көбірек оқуыма тура келді.

Тілді оқып, үйренуші топ күшті топ болып естілетін, ағылшын тілін О. В. Багинян, А. П. Орлова және Н. Н. Ободовская сияқты үздік оқытушылар оқытатын. Менің ағылшынға қоса неміс тілін екінші тіл ретінде үйренуге деген тілегім болып еді, бірақ О. В. Багинян тағы бір басқа тілді оқып үйреніп алуға болмайды, онанда ағылшын тілін терең меңгеріп, оны әбден жетілдіре түскен дұрысырақ болады деген кеңес берді. Оқытушыларымыздың қоятын талаптары өте жоғары болатын.

Ағылшын тілін білетіндігімізге қарамастан, көп тер төгіп, жұмыс істеуге тура келетін. Бір жылдан соң ағылшын тілінде сөйлейтін бір елге тәжірибеден өтуге баруға тиістіміз.

Үш жылдық бөлімде оқитындарға біздерден гөрі қиынырақ соқты. Олардың барлығы дерлік партиялық және мемлекеттік жұмыстан келгендер еді. Көпшілігі шет тілдерін жаңадан үйрене бастады.

Біздің арамыздағы ахуал нағыз іскерлік тұрғыда болды. Таңертең лекциялар, семинарлар мен тілді үйрену сабақтары өтеді. Содан соң азырақ дем алып, тіл сабағынан берілген келесі күннің тапсырмасын орындауға кірісеміз. Тыңдаушылардың көпшілігі түн жарымы ауғанша отырады, тілді меңгеру кейбіреулерге оңай тимеді.

Тыңдаушылардың орта жасы отыз жасқа жуық мөлшерде болатын. Барлығы да отбасынсыз, жалқы басымыз тұрып жаттық, тек оқудың екінші жылында ғана әйелдерімізді шақыртып алуға рұқсат берілді. Менімен бірге он одақтас республиканың өкілдері оқыды. ЖДМ-ды бітіргеннен кейін біздер КСРО Сыртқы істер министрлігінің әр түрлі шетелдік өкілдіктеріне жұмысқа жолдама алдық та, бір-бірлерімізбен шетелдік іссапарларымыздың ара-арасында кездесіп тұрдық.

ЖДМ-ға оқуға түскен алғашқы күндерден бастап қырғыз Болат Ысқақов екеуіміздің арамызда нағыз ерлерге тән берік достық орнады. Кейінірек біздің әйелдеріміз де бір-бірімен танысып, оларда достасып кетті. Оның үстіне біздер Мәскеуде де көршілес тұрдық. Олар Веерная көшесі 3-ші үйдің, 5-корпусынан пәтер алса, біздер 6 корпусына пәтерге кірдік. Осынау қырық жыл бойында біздердің достығымыз ешбір ажыраған емес. Кейде екі-жылдап керіспей қалатын да кездер болады, ондайда әр кез бір-бірімізбен үлкен бір сағынышпен көрісеміз. Айтылар әңгіме де ұшан-теңіз, ойларымызды ортаға саламыз, емен-жарқын пікірлесеміз, әлденені талқылаймыз, әйтеуір ескі достардың арасында бүгіп қалар сыр болмайды мұндайда. Болат өзінің дипломатиялық жұмыстағы қызметін 1991 жылы Орандағы (Алжир) бас консул болып аяқтап, кеңесші-уәкіл дәрежесінде қызметтен босады. Қазір Ысқақовтар отбасы Бішкекте тұрып жатыр, Болат Кеден басқармасында жұмыс істейді, біздер бұрынғыша әрбір жүздесіп, дидарласқан сәттерімізге мәз болып қуанып, бір-бірімізге достық құшағымызды айқара ашамыз.